

## Активтер көлеміндегі басқа өзгерістер шотын құру әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының м.а. 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 321 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 18 қаңтарда № 14683 болып тіркелді

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабы 5) тармақшасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағы 258) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Активтер көлеміндегі басқа да өзгерістер шотын құру әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Ұлттық шоттар басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) мемлекеттік тіркелген күнінен бастап осы бұйрықтың көшірмелерін күнтізбелік он күн ішінде қағаз және электрондық түрде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Ұлттық шоттар басқармасы осы бұйрықты жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелеріне және аумақтық органдарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының орынбасарына (Г.М. Керімханова) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі  
Статистика комитеті

Г. Керімханова

## **Активтер көлеміндегі басқа да өзгерістер шотын құру әдістемесі**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Активтер көлеміндегі басқа да өзгерістер шотын құру әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңына сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады.

2. Осы Әдістеме халықаралық стандарттарға сәйкес активтер көлеміндегі басқа да өзгерістер шотын қалыптастыру кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің пайдалануына арналған және Ұлттық шоттар жүйесінің мақсаттары үшін қолданылады.

3. Осы Әдістеменің мақсаты активтер көлеміндегі басқа да өзгерістер шотын құру алгоритмін сипаттау, әдеттегіден тыс, күтпеген жағдайлармен, жіктелімдегі өзгерістермен және операциялар болып табылмайтын басқа да ағындармен байланысты активтер ағындарын анықтау болып табылады.

4. Активтер көлеміндегі басқа да өзгерістер шоты (бұдан әрі – Шот) активтер мен пассивтердің бастапқы және соңғы теңгерімдерінің арасындағы кезең үшін баптардың құны мен құрылымындағы елеулі өзгерістерді көрсетеді.

5. Шот институционалдық бірліктердің арасында операцияларды болдырмайтын себептерден туындаған активтер құнының және бағалардың өзгеру шамасын көрсетеді (олардың нәтижелері капиталмен операциялар шотында және қайта бағалау шотында көрсетіледі).

### **2-тaraу. Активтер көлеміндегі басқа да өзгерістердің шотын қалыптастыру**

6. Шот өзгерістер себептеріне сәйкес активтер құнының өзгеруінің жеке алты санатын қамтиды. Активтер көлеміндегі басқа да өзгерістер шотының нысаны осы Әдістемеге қосымшада келтірілген.

7. Шотты қалыптастыру үшін ақпараттық база:

- 1) ресми статистикалық ақпарат;
- 2) орталық мемлекеттік органдардың әкімшілік деректері болып табылады.

## 8. Бірінші санатта:

активтердің экономикалық пайда болуы активтердің келесі типтері бойынша топтастырылады:

- 1) өндірілген қаржылық емес активтер;
- 2) өндірілмеген қаржылық емес активтер.

9. Табиғи ресурстардың экономикалық пайда болуын бағалау пайдалы қазбалар және жер асты сулары бойынша жүргізіледі.

10. Пайдалы қазбалардың экономикалық пайда болуы жүйелі ғылыми барлама кезінде, ізденистер немесе запастарды кездейсоқ табу кезінде табылған, пайдалануға жарамды жаңа кен орындарын ашу нәтижесінде болады.

11. Пайдалы қазбалар мен жер асты суларының экономикалық пайда болуын құндық бағалау келесі формула бойынша есептеледі:

$$V_n = Q_n * P_n, \quad (1)$$

мұнда:

$V_n$  – n активтің экономикалық пайда болуының құндық бағасы;

$Q_n$  – заттай мәндегі n активтің экономикалық пайда болуы;

$P_n$  – n активтің бағасы.

12. Пайдалы қазбаларға бағалар бойынша ресми статистикалық ақпарат болмаған кезде түрлі-түсті және бағалы металдарға биржалық белгіленімдердің деректері қолданылады. Жер асты суларын бағалау үшін баға ретінде жер асты суларын өндіруге салық мөлшерлемелері қолданылады.

## 13. Екінші санатта:

өндірілмеген қаржылық емес активтердің экономикалық жойылуы табиғи ресурстардың таусылуын және басқа табиғи ресурстардың, келісімшарттар, жалдау шарттары, лицензиялар, гудвилл және маркетингтік активтердің экономикалық жойылуын көрсетеді. Экономикалық жойылу шоттың сол жағында теріс жазбалардың көмегімен көрсетіледі.

14. Табиғи ресурстардың таусылуы активтерді физикалық алуы және жұмсауы нәтижесінде пайдалы қазбалар запастары құнының төмендеуін қамтиды.

15. Пайдалы қазбалар және жер асты суларының экономикалық жойылуын құндық бағалау (1) формулаға сәйкес жүзеге асырылады.

## 16. Үшінші санат:

төтенше шығасылар активтердің елеулі көп санының жойылуына әкелетін елеулі, жеке және сәйкестендірілетін оқиғалардың нәтижесі болып табылады. Мұндай оқиғаларға жер сілкіністері, жанартау атқылаулары, цунами, ерекше қатты дауылдар, құрғақшылық және басқа да дүлей апаттар, әскери әрекеттер, көтерілістер және басқа

да саяси оқиғалар, улы заттардың төгілуі немесе радиоактивті заттардың ауаға таралуы секілді техногендік сипаттағы апаттар жатады.

17. Сипатталған оқиғалар салдарынан қаржылық активтердің шағасылары аз таралған құбылыс болып табылады. Төтенше шығасыларға қолма-қол валютасының немесе меншік құқығы туралы қуәлік көрсетілген бағалы қағаздардың табиғи апаты нәтижесіндегі кездейсоқ жою жатады.

18. Төртінші санат:

салықтарды, айыппұлдарды төлеумен байланысты емес себептер бойынша толық өтеусіз мемлекеттік басқару органдары немесе басқа институционалдық бірліктер басқа институционалдық бірліктерден активтерді алу кезінде туындастын өтелмейтін тәркілеулер. Актив құнына сәйкес келмейтін өтеу кезінде айырмашылық институционалдық бірлік алған активтердің артуы және активті жоғалтқан институционалдық бірлік активтерінің қысқаруы ретінде көрсетіледі.

19. Кредиторлардың борышкерді кепілге алған мүліктен айыруы және тауарларды меншігіне алуы шоттарда өтелмейтін тәркілеулер түрінде көрсетілмейді.

20. Бесінші санат:

басқа баптарға енгізілмеген көлемдегі басқа өзгерістер негізгі капиталды тұтынуды анықтау негізіндегі пайымдау қатесімен, материалдық айналым құралдарының шығасылар нормасы туралы қатемен байланысты түзетулерді қамтиды.

21. Алтыншы санат:

жіктелімдегі өзгерістер институционалдық бірліктер жіктелімінің секторлар бойынша өзгеруі және активтер мен міндеттемелердің жіктеліміндегі өзгерістердің нәтижесінде туындаиды.

22. Қаржы активтері мен міндеттемелер бойынша басқа да өзгерістер шотын құру үшін ақпарат дереккөзі ретінде мемлекеттік органның ресми сайтында орналастырылған жалпы қол жетімді деректер қолданылады.

23. Шот әкімшілік дереккөздер негізінде құрылған және эксперименттік жұмыс болып табылады.

### **3-тaraу. Активтер көлеміндегі басқа да өзгерістер шотының мақсаты мен мазмұны**

24. Шоттың негізгі функциялары келесіні көрсетеді:

1) операциялар нәтижесі болып табылмайтын активтердің пайда болуы мен шығып қалуы (экономикалық пайда болу мен жойылып кетуі);

2) активтерден алынатын экономикалық пайдаға және олардың құнына әсер ететін әдetteгіден тыс, күтпеген жағдайлардан болған активтердің өзгеруі;

3) институционалдық бірліктердің, активтердің жіктеліміндегі және институционалдық бірліктердің құрылымындағы өзгерістер.

25. Шот экономиканың бес институционалдық секторы және басқа әлем бойынша құрылады. Активтердегі өзгерістер туралы жазбалар шоттың сол жағында, ал міндеттемелердегі өзгерістер туралы жазбалар шоттың оң жағында жүргізіледі.

26. Шоттың тенгерімделетін бабы активтердің көлеміндегі басқа өзгерістердің салдарынан капиталдың таза құнының өзгеруі болып табылады. Активтердегі өзгерістер құнының міндеттемелердегі өзгерістер құнынан асып кетуін көрсетеді және шоттың оң жағында есептеледі.

Активтер көлеміндегі басқа да  
өзгерістер шотын күру  
әдістемесіне  
қосымша

## Активтер көлеміндегі басқа да өзгерістер шотының курылымы

млн.тенге

Активтердегі өзгерістер	Басқа ағымдар	Міндеттемелер мен капиталдың таза құнындағы өзгерістер
Жиыны S2 S15 S14 S13 S12 S11		S11 S12 S13 S14 S15 S2 Жиыны
	Активтердің экономикалық пайда болуы	
	Өндірілмеген қаржылық емес активтердің экономикалық жойылуы	
	Төтенше шығасылар	
	Өтелмейтін тәркілеулер	
	Басқа баптарға енгізілмеген көлемдегі басқа өзгерістер	
	Жіктелімдегі өзгерістер	
	Көлемдегі басқа өзгерістер жиыны	
	Өндірілген қаржылық емес активтер	
	Өндірілмеген қаржылық емес активтер	
	Қаржы активтері/міндеттемелер	
	Активтердің экономикалық пайда болуы	
	Өндірілмеген қаржылық емес активтердің экономикалық жойылуы	
	Төтенше шығасылар	
	Өтелмейтін тәркілеулер	
	Басқа баптарға енгізілмеген көлемдегі басқа өзгерістер	
	Жіктелімдегі өзгерістер	
	Көлемдегі басқа өзгерістер жиыны	
	Өндірілген қаржылық емес активтер	
	Өндірілмеген қаржылық емес активтер	

Қаржы активтері/міндегтемелер  
B.10.2 Активтердің көлеміндегі басқа  
өзгерістердің салдарынан капиталдың  
таза құнының өзгеруі

Дереккөз ҰШЖ 2008.

Ескертпе.

S11 – қаржылық емес корпорациялар; S12 – қаржылық корпорациялар; S13 –  
мемлекеттік басқару; S14 – үй шаруашылықтары; S15 – үй шаруашылықтарына қызмет  
ететін коммерциялық емес ұйымдар; S2 – басқа әлем.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК